

Петропавл қаласы әкімдігінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын үй ұстауға, коммуналдық қызметтердің және байланыс қызметтердің тұтыну ақысын төлеуге әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы" 2005 жылғы 15 шілдедегі N 840 қаулысына қосымша енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 23 тамыздағы N 1039 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасының 2005 жылғы 2 қркүйектегі N 13-1-18 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 7 қарашадағы N 2103 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 07.11.2013 N 2103 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қала әкімдігінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын үй ұстауға, коммуналдық қызметтердің және байланыс қызметтердің тұтыну ақысын төлеуге әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы" 2005 жылғы 15 шілдедегі N 840 қаулысына (Әділет органдарындағы мемлекеттік тіркеуі 2005 жылғы 10 тамыздағы N 13-1-06 2005 жылғы 19 тамыздағы N 33 "Добрый вечер" газетінде жарияланды) мынадай қосымша енгізілсін:

3 тармақта:

"қала бюджетінде" сөзінен кейін "2006 жылғы 1 шілдеден" сөзімен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

Қала әкімі